6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту» тақырыбындағы Умирбекова Акерке Нурланбековнаның диссертациясына

ресми рецензенттің пікірі

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Бүгінде күрделі және серпінді дамып жатқан әлемнің жаңа сын-тегеуріндері білім алушылар үшін саяси-экономикалық, әлеуметтік және тағы басқа да жағдайларда күрделі әрі тез өзгеретін қазіргі әлемге бейімделу қабілетінің шыңдалуына жол ашады.

Педагогикалық жаңа ойлау мен осы саладағы күнделікті ассоциациялық байланыстардың пайда болу және даму жылдамдығы уақыт кеңістігіндегі талаптарды сәйкесінше атқарып, ұлттың адамзаттық ресурстарын және жасанды интеллектісін дамыту жолында педагогикалық техниканың өрлеуіне әкеліп соқты.

Олай деуге негіз бар: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «Қазақстан – 2050» даму стратегиясы, «Интеллектуалды ұлт -2020», «Қазақстан Республикасының 2016-2019 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» және ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған жыл сайынғы Жолдаулары жүзеге асырылып, білім беру ісінде субъективті идеяларымыздың қолданысқа түсуіне толықтай мүмкіндік беріп отыр.

Осы маңызды құжаттардың ішінде, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында: білім беру жүйесінің (11-бап) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» - деп одан әрі дамыту міндеттерін көрсеткен.

Бұл тұрғыда адамның даму жағдайындағы ерекше бір мүмкіндігі, ол оның әлеуметтік іс-әрекет аясы, педагогикалық қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекеттестікте көп индивидтер арасындағы танымдық-білімдік ақпаратты қабылдаушы, қайта өңдеуші, таратушы секілді қызметтерді атқаруында болмақ.

«Интеллектуалды ұлт -2020» атты ұлттық жобадағы басты идеяның – білім алушыларға жаңа үлгідегі тәрбие мен білім беру, Қазақстанды әлемдегі ең зиятты, бәсекеге қабілетті адами капиталға ие елге айналдыру» - деп нақтылануы интеллектуалды (зияткер) ұлт болу үшін болашақ маманның ғылыми, кәсіби, мәдени ақпаратына, білімі және біліктілігіне, адамгершілік ерекшеліктері мен әлеуметтік ұжымда өзін-өзі ұйымдастыра, басқара алуына,

яғни интеллектуалды акт құрастыруына баса назар аудару қажеттігінен туындап отыр.

Білім берудің жаңа парадигмалық жағдайында әлемнің жетекші экономикалары жоғары деңгейдегі адам капиталы есебінен ғана гүлденуге қол жеткізуде екенін тәжірибе мен техника дамуы айғақтап отырғаны баршамызға мәлім. Осы орайда Қазақстан Республикасының 2016-2019 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында»: ...білім және ғылым өзгерістердің алдыңғы қатарында тұруы тиіс. Оған жаңа білім беру стратегиялары мен саясаты ықпал етеді» - деп анықтады. Ал бұл өз кезегінде адами капитал сапасын дамыту үшін білім берудің жай-күйімен және өндірісте техника мен ғылымды пайдалану деңгейін көтеруде қазіргі заманда әлеуметтік құрылымның маңызды бөліктерінің біріне айналды.

Ол үшін жоғары оқу орындарындағы болашақ мамандардың өзі зияттылығы дамыған, дарындылығы кәсіби әрекетте терең көрініс таба білетін, яғни шығармашыл тұлға болып қалыптасуы шартты жағдай.

Бұл мақсатта 2018 жылдың 10 қаңтарында Н.Ә.Назарбаев өзінің «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Халыққа Жолдауында: «Жоғары білім беру ісінде жасанды интеллектпен және «үлкен деректермен» жұмыс істеу үшін ақпараттық технологиялар бойынша білім алған түлектер санын көбейту керек» - деп атап көрсетті. Ендеше бұл жолдар ЖОО-ның тұрақты дамуына септігін тигізері анық.

Сондықтан қазіргі кезде жоғары білімнің мақсатына жаңаша көзқараспен қарасақ, оны дамытудың стратегиялық бағдары ретінде – студенттердің әлеуметтік зияттылығы мәселесі өзінің маңыздылығымен ерекшеленеді.

Осы орайда болашақ мамандардың әлеуметтік зияттылығы жоғарыда талдап өткен жалпы мемлекеттік бағдарламалармен тығыз байланыста туындап отырған зерттеу мәселесі болып табылады.

Жалпы алғанда, диссертант А.Н.Умирбекованың «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту» атты диссертациялық жұмысын қазіргі заман талабына сәйкес қарастырылып отырған білім және ғылым саласындағы өзекті мәселелердің бірі деп атап көрсетуге толықтай негіз бар.

2. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

А.Н.Умирбекованың диссертациялық жұмысында мазмұндалған тұжырымдары мен қорытындыларының ғылыми-әдіснамалық және әдістемелік негізделуі айқын, шынайылық дәрежесі жоғары деп есептеуге болады.

2.1 Бірінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы ізденушінің зерттеу мәселесін алыс жақын шетел ғалымдарының еңбектеріне талдау жасалынып, сондай ақ, өзектілігін анықтау шаралары нормативтік-құқықтық құжаттар мен білім беру саясатының қағидаларына сәйкес қабылданған стратегиялық даму бағдарламаларымен байланыста болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындауда зерттеу тақырыбы аясында жүйелілік тұғыр,

синергетикалық тұғыр, тұлғалық іс-әрекеттік тұғыр, көпсубъектілі тұғыр, акмеологиялық тұғырлар басшылыққа алынған.

2.2 Екінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы докторант «зияттылық», «әлеуметтік зияттылық» ұғымдарын мәнін талдауда философиялық, психологиялық және педагогикалық астарлары зерделеніп, құрылымдық мәні жағынан сараланып, ғылыми білімдердер теорияларының тоғысуында ұғымдық-категориялық аппараты құрылып, тиісті сипаттамаларын берумен қоса, хронологиялық дамуды негізе ала отырып, ұғымдардың мәні нақтыланып, ғылыми қорындағы жетістіктер негізінде сипаттама берілуі арқылы дәлелденген.

2.3 Үшінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы ұсынылған зерттеу нәтижесі ретіндегі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі арқылы дәлелденеді. Модельде қарастырып отырған мәселе бойынша мотивациялық, мазмұндық және рефлексивтік-бағалаушылық компоненттер түзіліп, оның мазмұнына сай өлшемдер мен көрсеткіштер және оның жоғары, орта, төмен деңгейлері аңықталып, өзара тығыз байланыста жүзеге асатын тұтас құрылым ретінде қарастырылған.

2.4 Төртінші ғылыми нәтиженің негізділігі мен шынайылығы болашақ мұғалімдердің әлеуметтік зияттылығын дамытуға бағытталған әдістеме «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту» атты элективті курс және «Педагогикалық шеберлік» клубының ережесі мен бағдарламасының жасалынумен дәйектеледі. Педагогикалық ЖОО-да болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытуға байланысты ғылыми тұрғыда негізделген әдістеме жасалынып, тәжірибеде сынақтан өткізілген.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір Ғылыми нәтижесі (қағидасы), тұжырымдары мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.

Зерттеудің ғылыми нәтижелері және жасалған тұжырымдары мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі ғылыми-теориялық негізде дәлелденуімен, зерттеудің ғылыми аппаратына мазмұнының сәйкестігімен, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігімен, эксперимент жұмысының жүйелі жоспарлануымен, сандық және сапалық көрсеткіштердің дәлелділігімен сипатталады.

3.1 Бірінші нәтижеге жету үшін ізденуші зерттеу мәселесіне қатысты философиялық, психологиялық және педагогикалық еңбектердегі ғылыми дерек көздерін тауып, оларды зерделей білген. Ғылыми әдебиеттердегі зерттеу тақырыбына сай жинақталған мәліметтер сарапталып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалғандықтан **жаңа** болып табылады.

3.2 Философиялық, психологиялық, педагогикалық ғылыми еңбектерді талдау барысында категориялық түйінді ойларды сараптамалық талдаудан өткізе отырып, «зияттылық», «әлеуметтік зияттылық» ұғымының мазмұны байытылып, нақтылануы - екінші нәтиженің **жаңалығына** дәлел болады.

3.3 Докоранттың зерттеу барысында теориялық тұрғыда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың мотивациялық, мазмұндық және рефлексивтік-бағалаушылық компоненттерінен тұратын өлшемдер мен көрсеткіштер және оның жоғары, орта, төмен деңгейлері анықталған құрылымдық-мазмұндық моделінің жасалуы - үшінші нәтиженің **жаңалығын** көрсетеді.

3.4 Диссертанттың жұмысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың ғылыми негізделген әдістемесі («Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту» атты элективті курс және «Педагогикалық шеберлік» клубының ережесі мен бағдарламасы) жасалынып, оның тәжірибеге енгізілуін **жаңалық** деп санаймыз.

4. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық және қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.

Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер педагогика және дербес пәндерді оқыту әдістемелері үшін теориялық және практикалық жағынан құнды материал болып саналады. Зерттеу жұмысында келтірілген теориялық тұжырымдар мен қорытындылар, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар жоғары оқу орындарында, педагогикалық колледждерде және Біліктілікті Арттыру Ұлттық Орталықтары мен педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты тәжірибелерінде пайдалануға көмегін тигізеді.

5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануына растама.

Диссертация жұмысының қағидалары мен нәтижелері және тұжырымдары мен қорытындылары мазмұндалған ғылыми мақалалары шетелдік импакт-факторы бар ғылыми басылымдарда және ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми журналдарда, халықаралық ғылыми-тәжірибелік және Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциялар жинақтарында жарияланған. Зерттеу тақырыбы бойынша диссертанттың жалпы саны 12 ғылыми мақаласы жарық көрген. Оның 7-уі ҚР БжҒМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 мақала Scopus компаниясының ақпараттық базасының деректері бойынша нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық ғылыми журналында, 4 мақала халықаралық конференциялар материалдары жинақтарында жарияланған.

6. Диссертацияның мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.

Ізденуші А.Н.Умирбекованың диссертациялық жұмысы жан-жақты талданып, өз бетімен жазылған, толық аяқталған жұмыс деп есептейміз. Ғылыми жұмыстың құнды идеялары басым болғанымен, диссертацияның мазмұны мен рәсімделуінде келесідей кемшіліктер мен ұсыныстар кездеседі:

1. Диссертацияда 24-25 беттерде орналасқан 1-кестедегі теориялық талдауда авторлардың зерттеу жүргізген жылдарымен қоса, еңбектері ұсынылса, жұмыстың құндылығы артар еді.

2. Мәселенің зерттелу деңгейін отандық ғалымдардың еңбектерінің негізінде тереңірек аша түскенде, диссертацияның маңызы тереңдей түсер еді.

3. Зерттеу мәселесі аясында әлеуметтану ғылым саласының ғалымдарын қарастырғанда ұғымдық-категориялық аппарат алаңы кеңейер еді.

4.Эксперимент барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамытудың әдістемесін жүргізуде ондағы әдіс-тәсілдердің сипатын аша түссе дұрыс болар еді.

5. Диссертация рәсімделуінде стильдік және техникалық қателер кездеседі.

Дегенмен, аталған кемшіліктер мен ұсыныстар зерттеу жұмысының жалпы мазмұны мен құрылымына, тақырыптың өзектілігіне, жасалған тұжырымдардың ғылыми құндылығы мен мәнділігіне нұқсан келтірмейді деп санаймыз. Аталған кемшіліктерді ұсыныс ретінде қарауға болады.

7. Тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды.

Умирбекова Акерке Нурланбековнаның 6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік зияттылығын дамыту» атты диссертациялық жұмысы аяқталған, ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің талаптарына сәйкес орындалған жұмыс деп есептеймін. Ізденуші Умирбекова Акерке Нурланбековнаға 6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін беруге болады деген қорытынды жасаймын.

Ресми рецензент:
«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы
«Алматы облысы бойынша
педагог қызметкерлердің
біліктілігін арттыру институты»
басқару және білім сапасы
кафедрасының меңгерушісі,
PhD доктор **Тұралбаева Алмаш Тұрғанбайқызы**